

ОРАЛ ҚАЛАСЫ



АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР, ҚАЛАМГЕРЛЕР

1. **АЗОВСКАЯ ТАТЬЯНА**
2. **БАЙМУҚАНҚЫЗЫ БОТАГОЗ**
3. **БАЛАШОВ СТЕПАН**
4. **БЛИНСКИЙ АНАТОЛИЙ**
5. **БУЗУНОВ ВАЛЕНТИН**
6. **БУКИН ЕВГЕНИЙ**
7. **ГЕНКЕ ВИКТОР**
8. **ГОРА АЛЕКСАНДР**
9. **ДОРОНИН ГЕННАДИЙ**
10. **ДОШ АНТОН**
11. **ЖЕЛЕЗНОВ ИОСИФ**
12. **ИРХИН ВЛАДИСЛАВ**
13. **КАБАНОВ АЛЕКСЕЙ**
14. **КРЕСТЬЯНИНОВ ПЕТР**
15. **САВИЧЕВ НИКИТА**
16. **ТОҚАЙ ҒАБДОЛЛА**
17. **ШАБАРЕНИНА ТАМАРА**

АЗОВСКАЯ ТАТЬЯНА

(1948)



Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Азовская Татьяна 1948 жылы 8 қазанда Орал қаласында дүниеге келген. 1973 жылы ҚазМУ-ді бітіріп, Семей облыстық «Иртыш» газетінде тілші, Ақтөбе драма театрында әдеби қызметкер, «Приуралье» газетінде тілші болған.

Ақын өлеңдерінің тақырыбы – туған өлке тарихы. Оның «Урал», «За холмами» атты топтамалары өзі туып-өскен Жайық өңіріне арналған. Ақынның 1980 жылы «Благодарю судьбу», 1981 жылы «Письмо из Осени», 1985 жылы «Смуглое лето», 2003 жылы «Я расскажу тебе», 2009 жылы «Мимо острова Буяно» атты өлеңдер жинағы жарық көрген. 1981 жылы «Жігер» жастар шығармашылық фестивалінің лауреаты атанды. 1998 жылдан қалалық «Пульс» газетінің редакторы қызметін атқарды. Қазіргі уақытта зейнет демалысында.

Татьяна Азовская «еңбек ардагері» медалімен және ҚР Президентінің тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған мақтау қағазымен марапатталды.

Әдебиеттер:

Азовская Татьяна Николаевна: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия.- Алматы, 2010.-104 б.

Азовская Татьяна Николаевна: өмірдерек // Қазақстан жазушылары: анықтамалық / Құраст.: С.Қамшегер, Қ.Жұмашева.-Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009.-12 б.

Азовская Т.Н. Смуглое лето: стихи.-Алма-Ата: Жазушы,1985.-88 с.

Азовская Т.Н. письмо из осени: стихи.-Алма-Ата: Жалын,1980.-56 с.

Азовская Т.Н. «Наставница, хранившая юность нашу...» // Пульс-1996.-3 окт.

Азовская Т.Н. Провинциалка. Отрывок из поэмы // Приуралье.-1990.-24 нояб.

Азовская Т.Н. Хорошо, что люди пишут стихи // Приуралье.-1990.-4 сент.

Азовская Т.Н., о ней // Писатели Приуралья: Библиографический указатель литературы.- Уральск,1994.-С.2-4.

БАЙМҰҚАНҚЫЗЫ БОТАКӨЗ

(1956-2006)



Ботакөз Баймұқанқызы 1956 жылы 2 қазанда Ақтөбе облысының Байғанин ауданында дүниеге келген. 1974-1978 жж. Оралдың А.С.Пушкин атындағы педагогика институтын тамамдаған. Облыстық телерадио компаниясы Қазақ редакциясында әдеби-көркем хабарлар бөлімінде қызмет атқарған, кейін бөлім меңгерушісі болған.

Ол ұйымдастырған әдеби кештер, музыкалық хабарлар, мерекелік бағдарламалар қаншама көрермен қауымның жүрегінен жол тауып, қанша рет алғысқа бөледі. «Халық таланттары», «Таланттығына нұр жауар», «Ән құмарлар клубы», «Саяси публицистикалық журнал», «Сыр сандық», «Дидар», «Құлан саз», «Күй-айтыс», «Жыр-Ғұмыр», «Ғұмыр-Дария», «Ақ босаға» боп өрлеп, үзілмес рубрикалар болып, облыс теледидарының Алтын қорын құрады.

Өлең-жырға деген құштарлығы ерте оянған, мектеп қабырғасында жүріп-ақ балауса жыр жаза бастаған.

Батыс Қазақстан облыстық «Қазақстан-Орал» телеарнасында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, әдебиет пен мәдениетті дамытуда қаламы қарымды журналист және ойы

ұшқыр ақын Ботакөз Баймұқанқызының шығармалары облыстық, республикалық басылымдарда жарияланып тұрады. «Бес қонырау», «Мәңгі көктем», «Наздәурен», Ғұмыр Дария» атты жыр жинақтары бар.

Әдебиеттер:

Баймұқанқызы Ботакөз: өмірдерек // Қазақстан жазушылары: анықтамалық / Құраст.: С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева.-Алматы: Ан Арыс, 2009.-81-82 б.

Ботакөз Баймұқанқызы: өмірдерек // Айтыстың аясында ару Жайық: облыстық ақындар айтысына 40 жыл.-Орал, 1998.-70 б.

Баймұқанқызы Б. Ақында да ақын бар...: Ақұштап Бактыгереева шығармашылығы туралы // Орал өңірі.- 2004.-28 қазан.

Баймұқанқызы Б. Бақ пен науқас: әзіл өлең // Жайық ұстазы.- 2008.-5 қараша.-7 б.

Баймұқанқызы Б. Бар мен жоқ...: өлең // Жайық ұстазы.- 2005.-8 желтоқсан.

Баймұқанқызы Б. Ғұмыр-дария: өлеңдер.-Орал, 2002.-148 б.


Баймұқанқызы Б. Көз алдымда тұнып қалған көк теңіз...: өлеңдер // Орал өңірі.-2005.-10 желтоқсан.-3 б.

Баймұқанқызы Б. Наздәурен: өлеңдер.-Алматы, 2001.-84 б.

Баймұқанқызы Б. Өзім жайлы ода: Өлең // Жайық үні.- 2011.- 20 қазан.- 9 б.

БЛИНСКИЙ АНАТОЛИЙ

(1936)



Блинский Анатолий 1936 жылы 19 шілдеде Орал қаласында туған. 1962 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал мемлекеттік педагогика институтын бітіреді. Ауданаралық «Красный луч» газетінің әдеби қызметкері, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, облыстық «Приуралье» газетінің әдеби қызметкері, Ақтөбе облысы бойынша «Казахстанская правда» газетінің меншікті тілшісі, әдеби қызметкері, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті екінші хатшысының көмекшісі, Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрінің көмекшісі қызметтерін атқарды. Кейін Мәскеуге партиялық қызметке ауысқан.

Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Шығармалары: «Первопроходцы пустыни» (1971, очерк); «Кипяток бесплатно»; «Государственный человек» (1972, очерки); «Устюртский меридиан» (1973, документальный повесть); «Ключ от пустыни» (1971, документальный повесть); «Поклонись Мугоджарам» (1977, повесть); «И жизнь в придачу» (1986, повести).

Әдебиеттер:

Блинский Анатолий: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия.-Алматы, 2010.-193 б.

Блинский Анатолий: өмірдерек // Қазақстан жазушылары: анықтамалық / Құраст.: С.Қамшегер, Қ.Жұмашева.-Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009.-104 б.

Блинский А. И жизнь в предачу: повести.-Алма-Ата: Жазушы,1986.-271 с.

Блинский А. Не пройденная пустыня: документ.проза.-Алма-Ата: Жазушы, 1981.-152 с.

Блинский А. Маркелыч: повесть // Простор.-1986.-№1.-С.18-56.

Блинский А. Поклонись Мугоджарам: повесть // Простор.-1977.-№8.-С.18-54., №9.-С.30-59.

ДОРОНИН ГЕННАДИЙ (1945)



Белгілі журналист, жазушы әрі өлкетанушы Доронин Геннадий Николаевич 1945 жылдың 18 маусымында дүниеге келді. Ол Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Геннадий Николаевич көп уақыт бойы аудандық, облыстық «Приуралье», «Прикаспийская коммуна» (Атырау қ.) газеттерінде және телевидение де жұмыс жасады. Мекен - жайын ауыстарса да, жыл сайын өзі ұйымдастырған Орал қаласындағы «По следам Правдухина» атты кезекті экспедицияға қатысуға келіп жүрді.

Жазушы Доронин шығармалары «Простор» журналында басылды. «Старый друг уезжает» (1986), «Пятый десяток» (1989), «Между пунктами назначения» (1991), «Бершарал» (2006) атты кітаптары жарық көрді. 2006 жылы «Оптима» кітап дүкенінде жазушы әрі өлкетанушының «Жизнь и смерть Буратино» атты жаңа кітабының тұсау кесері өтті.

Әдебиеттер:

Доронин Геннадий: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия.-Алматы, 2002.-230 б.

Доронин Геннадий: өмірдерек // Қазақстан жазушылары: анықтамалық / Құраст.: С.Қамшегер, Қ.Жұмашева.-Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009.-124 б.

Доронин Г. Бершарал: очерки.-Уральск, 2006.-268 с.

Доронин Г. Глагол прошедшего времени: роман, очерки.-Алматы, 2006.-288 б.

Доронин Г. День любви: повести.-Алматы, 2011.-320 с.

Доронин Г. День убийц: роман.-Уральск, 1998.-222 с.

Доронин Г. Жизнь и смерть Буратино.-Павлодар, 2006.-328 с.

Доронин Г. Золоченое донышко...: книга о рыбалке, рыбаках и любви.-Уральск, 2010.-296 с.

Доронин Г. Пятый десяток: повести и рассказы.-Алма-Ата, 1989.-240 с.

Доронин Г. Свет земной.-Астана, 2008.-256 с.

Доронин Г. Старый друг уезжает: повести.-Алма-Ата, 1986.-160 с.

Доронин Г. Я бы в волшебники пошел: фельетоны.-Астана, 2008.-240 с.

ЖЕЛЕЗНОВ ИОСИФ (1824-1863)



Жергілікті жазушы, тарихшы Иосиф Игнатьевич Железнов 1824 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. 1836-41 жылдары Орал әскери училищесінде оқыған. 1844-46 жылдары Краснояр форпостында шекара шебін басқарды. 1852 жылы казак-орыс әскерінің офицері, кейін хорунжий. 19 ғасырдың 50-жылдары шығармалары жарық көріп, жазушы ретінде таныла бастайды. Оның «Оралдық қарт Василий Струняшев» повесі (1854-55), «Казактар өмірінің суреттемесі», А.С. Пушкиннің «Пугачев көтерілісі тарихы» туралы сын, «Пугачев жайында әңгіме-аңыздар», «Утва туралы» және т.б. очерктері кейіннен жазушының 3 томдық таңдамалы шығармаларына енді. 1858 жылы атаман А.Д. Столыпиннің тапсырмасы бойынша казак-орыстардың тарихын жазу үшін бірнеше рет Мәскеу архивтерінде зерттеу жұмыстарымен айналысқан. 1863 жылы өзіне-өзі қол жұмсап, қайтыс болған.

Әдебиеттер:

Железнов Иоасаф: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия.-Алматы, 2002.-282 б.

Железнов И. Уральцы. Очерки быта уральских казаков: Полн.собр.соч. В 3 т.Репрнтное издание /под ред.Н.А.Бородина.-Уральск, 2006

Железнов И. Башкирцы: очерк // Москитянин.-1854.-№14.

Железнов И. Василий Струняшев: повесть// Москитянин.-1854.-№18.

Железнов И. Отчего сайгаки покинули Урал. Аханное рыбаловство. Три Ивана. Харко: публикации //Простор.-1994.-№1.-С.197.-216.

Железнов И. Предания и песни уральских Казаков // Русский вестник.-1859.-№3,4.

Железнов И. Сайгачники: очерк // Отечеств.записки. 1856.-Т.62.

Железнов И. Сказания уральских Казаков // Библиотека для чтения.-1861.-№2-3.

ИРХИН ВЛАДИСЛАВ

(1938-2012)



Владислав Митрофанович 1938 жылы 14 сәуірде Орал қаласында дүниеге келген. 1960 жылы Фрунзе атындағы Жоғарғы әскери-теңізші училищесін бітірген, кейін өзінің кәсіби жетілуін шыңдау мақсатында Тольятти атындағы Инженерлік-экономикалық институтына оқуға түседі. Аз уақыт мамандығы бойынша жұмыс жасаған Владислав Митрофанович поэзиямен әуестеніп, 1971 жылы А.М. Горький атындағы әдеби институтқа оқуға түседі, жетекшісі Роберт Рождественский болады, ал белгілі ақын Арсений Тарковский Владислав Митрофановичқа кәсіби ақындығына өз батасын береді.

В. Ирхиннің 1997 жылы «Евангелие от любви» өлең кітабы, 2001-2006 жылдары «Русь моя, Россияшка», «Так живи же, мой град, живи!», «Любовь – есть Бог» өлеңдер мен романстары және т.б. кітаптары жарық көрді. В. Ирхин жеті жылдай облыстық Островский атындағы драма театрында әдеби бөлімін басқарды, сахнада оның «Своя же земля, братцы!», «Кленовая ветвь», «Все больше к музыке душа благоволит», «О, безумства златые годы...» және т.б. драмалары сахналанды.

2012 жылдың 21 ақпанында дүниеден озды.

Әдебиеттер:

Ирхин В. Евангелие от любви: стихи.- Санкт-Петербург,1997.-319 с.

Ирхин В. Любовь есть бог: романсы.- Санкт-Петербург, 2006.-136 с.

Ирхин В. Так живи, мой град, живи!: песни и романсы.- Санкт-Петербург, 2005.-63 с.

Ирхин В. А мир умрет – без красоты: стихи // Информбиржа.-2006.-21 сент.-С.18


Ирхин В. «Жить – это значить – ждать...» // Пульс.-1998.-8 окт.-С.7.

Ирхин В. Долебезили, доуцелели: стихи // Казачий вестник.-1991.-№10.-С.1.

Ирхин В. Постичь гармонию любви: из поэмы «Кленовая ветвь» // Информбиржа.-2007.-8 марта.-С.24.

САВИЧЕВ НИКИТА

(1820-1885)



Жергілікті тарихшы, өлкетанушы Савичев Никита Федорович 1820 жылы Орал қаласында дүниеге келген. Сурет салумен әуестеніп, әдеби-көркем шығармалар жазған. Т. Г. Шевченконың досы. Оның «Уральские войсковые» газетінде бірнеше очеркі («Карманов форпостысынан Глининскіге дейін», «Исатай Тайманов – Ішкі Орда старшинасы») және поэмасы («Өткен ғасырдағы Жайық казак-орыстары мен қазақтары») жарияланған.

Әдебиеттер:

Савичев Никита: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия.- Алматы, 2002.- 454 б.

Савичев Н.Ф. Уральская старина: рассказы из виденного и слышанного /Сост.: Н.М.Щербанов.- Уральск, 2006.- 468 с.

Савичев Н.В. О некоторых недостатках в степном коневодстве // Урал. войск. вед.-1876.- №19,21,22.

Савичев Н.В. С почвы на почву // Уральские войсковые ведомости.-1884.- №14.

Савичев Н.Ф. Яицкие казахи и киргизы прошлого века: поэма // Урал. войск. вед.-1881.- №36,39- 42.

ТОҚАЙ ҒАБДОЛЛА

(1886-1913)



Татар ақыны Ғабдолла Тоқай 1886 жылы 26 сәуірде Татарстанда дүниеге келген. Татардың жаңа бағыттағы реалистік әдебиеті мен қазіргі татар әдеби тілінің негізін салушы.

1895 жылы Орал қаласына келіп, Мутыгия медресесінде оқыды. Алғашқы шығармаларын 1902 жылдан жаза бастады. «Фикер» газетінде, «Әл-ғасрул-жадид» («Жаңа ғасыр»), «Уклар» («Оқтар») журналдарында өлеңдері, мақалалары басылды.

Ғабдолла Тоқай азаттық жыршысы болды. 1910 жылдан демократияшыл жастардың «Әл-ислах» газетіне (1905-09) қатысты.

1908 жылы Г.Камалмен бірігіп, Қазандағы тұңғыш сатиралық «Яшен» («Жасын») журналын шығарды.

1910 жылдан «Ялт-йолт» («Жалт-жұлт») журналында қызмет етті. Оның сатирасы патша өкіметіне деген өшпенділікке толы.

Гуманист-ақын Ғабдолла Тоқай әйелдерді қорғап және оларға азаттық, теңдік тілеп, бірнеше өлең жазды. Біраз лирикалық өлеңдері ғазел түрінде жазылған. Ғабдолла Тоқай балаларға арнап өлеңдер, прозалық шығармалар да жазды.

Орал қаласындағы Ғабдолла Тоқай тұрғын үйінің қабырғасына ескерткіш-тақта, мүсін орнатылған.

Әдебиеттер:

Ғабдолла Тоқай: өмірдерек // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия.- Алматы, 2010.- 219-220 б.

Тоқай Ғ. Көңіл жұлдызы: өлеңдер, дастандар, ертегілер.- Алматы, 1986.- 184 б.

Тоқай Ғ. Таңдамалы: өлеңдер.- Астана, 2007.- 320 б.

Тоқай Ғ. Таңдамалы шығармалары.- Алматы, 1952.- 472 б.

Тоқай Ғ. Гүлдер кімге назданады, құмыр бұлбұл болмаса // Таң-шолпан.- 2002.- №5.- 80-89б.

Тоқай Ғ. Туған жеріме // Әлем әдебиеті.- 2009.- №4.- 28-32 б.

ШАБАРЕНИНА ТАМАРА

(1946)



Тамара Михайловнаның еңбек жолы «Пугачевский» совхозында 15 жасынан басталды. Содан кейін ол «Приуралье» газетінің меншікті тілшісі болып істеді, қалалық және облыстық, қазақстандық, ресейлік газеттерде, журналдарда жарияланды. Оның «Бір топ тырнарлар» атты алғашқы жинағы «Жалын» баспасынан шықты. «Шет аймақтың дауысы» өлеңдер кітабы Орынборда Аксаков сыйлығымен атап өтілді, «Ономастикалық трагедия» өлеңдер жинағында автордың мәдени және тарихи құндылықтарды сақтау мәселесі бойынша азаматтық ұстанымы көрсетілген. «Орал не жайлы айтты» кітабы – мақсаты – ұлы өзенді сақтап қалу халықаралық қайық экологиялық экспедицияларына қатысуының қорытындысы.

«Уральская прелюдия» очерктер кітабының жобасы үшін автор USAIDтің сертификатымен марапатталды. Осы кітаптан алынған жарияланымдардың топтамасы әйелдердің бірінші халықаралық «Қанаттанған әйел» жәрмеңкесінде ұйымдастырылған журналистердің республикалық байқауында бірінші сыйлыққа ие болды. Соғыс пен спорт ардагерлері жайлы «Орал үшін шайқасты» өлеңдер мен очерктердің жаңа жинағы дайындалды.

Тамара Михайловна мектептерде, клубтарда, мәдениет үйлерінде, кітапханаларда болатын сансыз кездесулерде тыңдармандарға бейбітшілік, өмір шындығы мен махаббат жайлы өз сөзін жеткізеді.

Әдебиеттер:

Шабаренина Тамара: өмірдерек // Ақжайықтың асыл арулары.-Алматы, 2002.-123 б.

Шабаренина Т. Голос окраины.-Уральск,2007.-236 с.

Шабаренина Т. Журавлиная стая: стихи.-Алма-Ата,1979.-32 с.

Шабаренина Т. О чем рассказал Урал.-Уральск,2003.-139 с.